

АРҚА КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІНДЕГІ ОСПАН СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ ШЫҒАРМА- ШЫЛЫҒЫ

CSCSTI 18.41.09
UDC 781
DOI 10.47940/cajas.v6i1.302

Әнел Бекенова¹,
Нартай Бекмолдинов¹

¹ Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Қазақ халқы мұрасында музыка өнерінде үлкен орын алып, атадан балаға, ұстаздан шәкіртке, қолма-қол беріліп келе жатқан дәстүрлердің бірегейі – ән-күй дәстүрі. Осы ән-күй мектеп дәстүрінің бірі – Арқа күйшілік дәстүрі. Арқа күйшілік дәстүрінің шертпе күй өнеріндегі орнын, орындаушылық мәнерін ажыратып қарастырған еңбектің аздығы көпшілікке мәлім. Көптеген зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде Арқа күйшілік мектебі Тәттімбет Қазанғапұлының шығармашылығымен шектеліп, өзге күйші домбырашылардың күйшілік қырлары тыс қалған. Осы мәселені бүгінгі күнде қарап талдау домбыра күй өнерінде өзекті мәселе. Арқа күйшілік дәстүрінің ерекшелігі бүгінгі күнде даму үстінде. Соның әуендігін, ырғақтығын, қағыстарын, орындаушылық мәнерін жеткізе қолдана білу – үлкен дәстүрдің құндылығын көрсетеді. Ол Ақмола өңірінің фортепианоға, ансамбльге, оркестрге, фольклорлық және халық аспаптарына түсірілген шығармаларда анық байқалады. Осы тұста Арқа өңірінің күй өнерін дамытып, шертпе күй дәстүрінің насихаттаушысы Оспан Сүлейменовтың шығармашылығы маңызды орын алады. Оның шығармашылығын талдап зерттеу арқылы біз Арқа күйшілік өнерінің бүгінгі күнге дейінгі даму кезеңдерін байқай аламыз. Балаларға күй үйретуде алдына жан салмай, үлкен еңбек атқарып, балалар музыка мектептерін ашқан күйші-композитор Сүлейменов Оспан Сүлейменовұлы осы мақаланың негізгі зерттеу көзі болады. Бүгінгі күнде автордың шығармашылығын аша отырып, Ақмола өңірінің Арқа күйшілік мектебі ішіндегі өзге қырларын байқаймыз.

Осы ғылыми-ізденістік жұмысты жүргізе отыра біз біраз жаңалық пен нәтижеге келдік: дәстүрлі оқыту әдісінің Ақмола өңірінде жоғалмай жалғасын табуында, Арқа күйшілік мектебінің қалыптасуында және күйшілердің шығармаларының насихатталуында. Осыған сүйене отыра бұл бағыт болашақта зерттеуші ғалымдарға, оқырман қауымға және де Арқа күйшілік мектебін зерттеушілерге қызықты әрі пайдалы ақпарат болады деп есептейміз.

Тірек сөздер: Арқа күйшілік өнері, дәстүрлі үйрету әдістері, шертпе күй дәстүрі, күй, ұстаз, халық шығармашылығы, домбыра мектебінің қалыптасуы, шәкірт, домбыра.

Дәйексөз үшін: Бекенова А. Д., Бекмолдинов Н. С. Арқа күйшілік мектебіндегі Оспан Сүлейменовтың шығармашылығы. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2021, 6(1), 107–119. <https://doi.org/10.47940/cajas.v6i1.302>

Кіріспе

Қазақстанның орталық аймағы саналатын Сарыарқа даласы ұлттық құндылықтарға аса бай. Қазақ музыкасының алтын ғасыры саналатын XIX ғасырда өткен сал-сері, классиктеріміз Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Әміре т. б. кәсіби әншілік өнердің негізін қаласа, Итаяқ, Ықылас, Сайдалы Сары Тоқа, Тәттімбет, Қыздарбектер Сарыарқадағы күйшілік өнерді қалыптастырған тұлғалар. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, тарихы мен мәдениеті туралы шетел ғалымдарының (саяхатшылардың) зерттеулері көбінесе этнографиялық бағытта жасалған. Қазақ музыкасы, оның ішіндегі аспаптық музыка туралы қазақ даласына келіп зерттеу жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінен көреміз. П. В. Аравин (Аравин, 1970), В. В. Радлов (Радлов, 1993) т. б. шетелдік зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде қазақ халқының этнографиясы, мәдениеті мен тарихы, аспаптық музыка өнерінің халқымыздың көшпелі тұрмысындағы дамуы мен басқа да айрықша ерекшеліктері ғылыми тұрғыда жүйелі зерттелген. Бұл тарихи зерттеулер өз кезегінде жалпы қазақ халқының, оның ішінде Сарыарқаны жайлаған жұрттың тарихи-мәдени ахуалы турасында көптеген тың мәліметтер беріп, XIX ғасырдағы қазақ даласындағы көшпелі мәдениеттің биік деңгейін көрсетті [1, 215 б.].

Қазақ — өзінің мұңын айтып жеткізетін, шерін тарқататын сан мың жылғы тарихын жадында сақтай алатын қобыз, домбыра секілді құдіретті аспаптарды дүниеге әкелген халық. Бұл екеуі де — көкірегі көмбеге толы халықтың мұңшылары. Осы құдіреттерді тудырып, оларға тіл бітірген ғажап өнер адамдары да қазақ халқынан шыққан [2, 6 б.]. «Қазақ нағыз, қазақ емес, Нағыз қазақ-домбыра» [3, 101 б.], — деп ақын Қадыр Мырза әлі жырлағандай халқымыз

үшін домбырамен егіз ұғым — күй. Күй десе елең етпейтін, қайсысы тыңдаса да қаны қызбайтын қазақ жоқ, қуанышта да, қайғыда да, қай жерде болсын әрқашан қазақпен бірге жасасқан — күй. Күйде ұлттық рух бар. Күй қазақтың өмір байлығы — құндылығы [4, 6 б.]. Қазақтың ұлы ақыны Абай: «Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй», деп жырлағандай, қазақ халқының сан буыны Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Мәмен, Есір, Байжігіт, Тәттімбет, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, Абыл сияқты халқымыздың асыл өнерін ұстаған ұлы күйшілердің мол мұрасымен сусындап өсті.

Қаратау өңірін, Алтай-Тарбағатай, Орталық Қазақстан, Сыр өңірін қамтитын, саз әуенімен, әні мен иірімділігі жағынан байланысы бар шертпе күй дәстүрі қазақ музыкасында үлкен орын алады. Шертпе күй — жанрлық анықтама емес, соның бір ғана белгісі. Ол аймақтық-орындаушылық ерекшеліктерінен туатын музыкалық-образдық ұғымға жақын атау. Егер төкпе күйлер жылдам, күйкылжыта орындалса, шертпе күй үлгілері баяу, ұстамды, адам жанына терең әсер ететін шығармалар. Шертпе күйлердің дені бір дауысты болып, арагидік екі дауысқа да ұласып отырады [5, 349 б.] Шертпе күй атасы Тәттімбеттен бастау алып бүгінгі күнге дейін үзілмей, дәстүрін жоғалтпай жеткен күйшілік дәстүр сан-ғасырлық тәжірибесі мен құндылығы бар екендігін айқындайды. Бұл дәстүр ұстаздықта да, орындаушылықта да, композиторлықта да өз қасиетін жоғалтпаған. Тәттімбет күйлеріне тән Арқа дәстүрін көптеген кәсіби композиторлар өз шығармаларына арқау еткен. Бұл реттен Е. Брусиловский, А. Жұбанов, М. Төлебаев, Л. Хамиди, т. б. композиторлардың есімдерін атауға болады. Қарағанды қаласындағы музыка колледжі Тәттімбет есімімен аталып келеді. Тәттімбет күйлері — қазақ халқының аспаптық музыкасындағы ерекше құбылыс. Оның шығармаларынан көркемдік әлемінің жаңа қырлары

ашылып, домбыра аспабының жаңа мүмкіндіктері көрініс тапты. Шертпін тарту өнері шын мәніндегі үлкен мектепке айналды. Композитордың ізін қуған шертпе күй шеберлерінің туындылары соның айғағы [6, 156 б.].

Арқа күйшілік мектебінің өзге мектептерден ерекшелігі «Қосбасарлар» болып табылады. «Қырық буын қосбасар» деп аталатын күйлер легін толық бір жанр ретінде қарастыруға болады. Әрқайсысы әр түрлі жағдайда шыққан бұл күйлердің жартысынан көбі мұңды, зарға толы болып келеді. Кейбір қосбасарлар шығарған күйшінің атымен де аталып кеткен [7].

Арқа күйлерінің басқа шертпе мектептеріне қарағанда саздық құрылымы мен музыкалық күрделілігі жағынан анағұрлым дамығаны айқын көрініп тұрады. Алғаш арқа күйлеріне ғылыми баға беріп, ноталық жазбаларға түсуіне ықпал еткен — академик А. Жұбанов. Қазақ тарихында тұңғыш ұйымдасқан ұлт аспаптары оркестрінің репертуарына Тәттімбеттің «Қосбасар», «Сарыжайлау», «Сылқылдақ» күйлері енгізілді. Арқа күйлерін осы оркестр құрамына он төрт жасында келген талантты домбырашы - Рүстембек Омаров белсенді насихаттады, онымен бір ұжымда қызмет еткен Жаппас Қаламбаев пен Мағауия Хамзин де Арқа шертпесінің үзіліп қалмауына орасан еңбек еткенін айтуға тиіспіз [7]. Арқа мектебінің дамуына Қазақстанның халық әртісі Мағауия Хамзиннің көп еңбегі сіңді. Ол шертпенің жаңаша тартылу үлгісін жасады, ескі күйлердің жібін үзбей отырып, оның сахналық мәдениетінің дамуын жетілдірді, осы салада өз жанынан да көптеген әуезді шертпелер күйлер шығарды.

Арқа күйшілерінің шығармашылығын алғаш зерттеген — Уәли Бекенов, оның «Шертпе күй шеберлері», «Күй табиғаты» атты еңбектері аса құнды ғылыми — әдістемелік кітаптар. Күйші-зерттеушінің өзі де Арқа күйлерін

нақышына келтіріп тартатын дарынды шертпеші ретінде қазақтың есінде аты қалды. Тәттімбет күйлерінің жинағы 1988 жылы Ермұрат Үсеновтың құрастыруымен алғаш жарыққа шықты, 2005 жылы Айтжан Тоқтаған мен Мұрат Әбуғазының редакциясымен толықтырыла қайта басылып шықты. Тәттімбет күйлерін түгелдей Біләл Ысқақов жазып шықты. Бұл еңбекте Тәттімбет күйлерімен қатар оның мектебін құрайтын Арқа күйшілерінің бәрі бар. Арқа күйлерін таза меңгеру әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Себебі, көп жылдар бойы шертпе күй насихатталмады, оны оқыту ісі жүйелі түрде жүргізілген емес, қазіргі музыка мектептерінен бастап консерватория, академияға дейінгі домбыра пәнінің оқытылу үлгісі шертпе күйді толық қамтымайды, негізгі бағыт төкпе күйдің дамуына бағдарланып отырғаны шын. Бірақ, соған қарамастан аға буын шертпе күйшілерден үлгі көрген дарынды күйші жастар өсіп келе жатыр, олар барынша түпнұсқаны меңгеруге талпынуда, бірақ, саусақ басу, қазақы қағыс дәстүріне тістері батпай жүргені шындық, оған балалайка мен орыс домрасының жаттығуларымен өскен жат машық кері әсерін тигізген деп білеміз [7].

Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Ұлттық консерватория қабырғасында Тәттімбет атындағы шертпе күй мектебінің ашылуына ықпал еткен дарынды күйші-ұстаз — Біләл Ысқақов. Бұл мектеп шертпе мәдениетінің Отандық алтын қазығы, әр жыл сайын осы мектептен дәріс алған түлектер бұрыннан қалыптасып келе жатқан өнердің атын өшірмей, болашаққа жалғауда. Арқа мектебінің жалауын түсірмей жеткізген шебер күйшілер қатарында дарынды домбырашылар — Дәулетбек Садуақасов, Пазыл Тұтқабеков, Мұхаметжан Тілеуханов, Мейрам Ұлмағамбетов, Ахат Байбосынов, Жалғас Садуақасов, Оспан Сүлейменовтер. Біздің мақаламызға

арқау болып отырған Оспан Сүлейменов 1948 жылы 1 ақпанда Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Жаңажол ауылында дүниеге келген. Жастайынан атасының баяндаған жыр-дастандарын бойына сіңіріп өскен Оспан Сүлейменұлы алғаш рет 12 жасында дүйім жұртқа күйшілігімен таныла білген. Ол мектеп қабырғасынан бастап домбырада шебер ойнаумен бірге өзі өлең жазып, ән де шығарған. Тіпті, 10-шы сыныпта оқып жүргенінде балалар кішкентай Оспанның жазған сценарийі бойынша дайындалған спектакльді мектеп сахнасына шығарған. Ол 10 сыныпта домбыра оркестрін ұйымдастырып, оған жетекшілік ете алатын дәрежеге жеткен. Жиналған ақпарат күйшінің жеке сұхбаттарынан, бұрын-соңды жарияланған газет-журналдардан алынды. «Менің қолымда домбыра емес, ән салатын жан сияқты» деп, өмірін өнермен өрнектеген «Құрмет белгісі» орденінің иегері, бірнеше жыр жинағының авторы, ҚР білім беру ісінің үздігі, танымал ұстаздарға берілетін «Б. Алтынсарин медалінің» иегері, сазгер-күйші, ұстаз Сүлейменов Оспан Сүлейменұлының Арқа күйшілік өнерінің дамуына қосқан үлесі зор. Ұстаздық жолы 1967 жылы ақпан айының 1-ші жұлдызында номері 4-ші қазақ орта мектебінен бастау алады. Өнерге деген сүйіспеншілігінің арқасында сол жылы Целиноград қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы педагогикалық мұғалімдер институтының музыка факультетіне оқуға түседі. Алғаш күннен бастап төрт жыл бойына қазақ жастары арасындағы «Гүлдер» ұйымының «Өнер және мәдениет» бөлімінің жетекшісі болады. 1979 жылы Қорғалжын аудандық көркемөнерпаздардан құралған «Целинный» ансамблінің қатарында жүріп, Венгрия мемлекетінде өнер көрсетеді. Бұдан кейін аудандық «Дудар-ай» ансамблінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Осы аталған ансамбльмен Чехословакия мемлекетінде қазақ өнерін дүйім жұртшылыққа паш

етеді [13, 6 б.]. Өнердің өрісін кеңейтетін білім екенін ерте түсінген ұлағатты ұстаз 1991 жылы 9 қыркүйекте Целиноград қаласының атқару комитеті халық депутаттары кеңесінің шешімімен алғаш мемлекеттік тілде білім беретін №4 қазақ музыка мектебін ашады. Сол уақыттағы Жоғарғы кеңес депутаты, Білім және ғылым министрі Шәмші Көпбайқызы бастаған ұлтжанды зиялылардың көмегімен 3 мұғалім сабақ беретін 27 балаға арналған қазақ музыка мектебі шаңырақ көтеріп, Оспан Сүлейменұлы сол мектептің тұңғыш директоры болып сайланады. Бұл мектеп сол жылы еліміздегі алғашқы қазақ музыка мектептерінің бірі еді.

Әдістер

Оспан Сүлейменовтың шығармашылығын зерттеу бағытында біз түрлі ғылыми әдістерді қолдандық. Оспан Сүлейменов туралы ақпараттар түрлі газет-журнал басылымдарында жарияланған, интернет сайттардан, белгілі күйшілерден, ұстаздардан ауызекі ақпарат ретінде жинадық. Осы ақпараттар көздерін жинап бір жүйеге келтіру кезінде біз Ақмола өңірінде еңбек етіп Арқа күй өнерін дамытуына үлкен үлес қосқан дәулескер күйші Оспан Сүлейменовтың бейнесін ашып, ұстаздық шеберлігімен оқыту әдіс-тәсілдерімен таныстық. Осы тұста: әңгімелесу, сауалнама жүргізу, еңбектерін сараптау әдістері пайдаланылды.

1. Бүгінгі күнде Арқа күйшілік мектеп ішіндегі Ақмола өңірінде қалыптасқан орындаушылық мектеп бар деп айтуға болады. Соңғы 50-60 жыл ішінде аспапқа, ансамбль және оркестрге жазылған шығармалар, ән-күйлерден, байқауға болады. Әуендік ерекшелігінен, қағыс түрлерінен, мотивтерден т.б. Бұны біз Оспан Сүлейменовтың өзінің, шәкірттерінің, белгілі Ақмола өңірі күйшілерінің шығармашылығымен танысқанда байқадық.

2. Ұстаздық қырын зерттеу кезінде Оспан Сүлейменовтың шәкірттері, ізбасарлары, арқа күй дәстүрін насихаттаушылары көптігі анық. Оның домбыра аспабында ойнауды үйретудің прогрессивті әдісімен таныстық. Ол кісі бүгінгі күнге дейін ұмыт болған дәстүрлі үйрету әдісін қолданып келеді және дәстүрлі үйрету бағытын насихаттайды.

Нәтижелер

Оспан Сүлейменұлы білгенінің бәрін өзгелерге үйретіп, талантты жастарды сол өнердің қыр-сырын меңгеруге баулуды мақсат тұтқан. Ол туралы жазылған мақалалар 1975 жылдан бастау алып, қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді. Жазушы Серік Қанапинның санауынша Оспан Сүлейменовке арналған мақалалар саны 350-ден асады. Өнер майталманы 50-ден астам шет мемлекеттер сахнасында қазақтың қара домбырасымен өнер көрсеткен. Соның ішінде Германия, Балтық елдері, Ресей қалалары, Франция, Чехословакия және Венгрия мемлекеттері. Франция еліне барған сапары жайында журналист Қарашаш Тоқсанбайға берген сұхбатынан: «Флегилез-Аувретз қаласының мэрі Пьер Баучет Қазақстан туралы да, біздің Елбасымызды да жақсы білетін адам болып шықты. Астанада өткен әлемдік діндер көшбасшыларының съезіне құлағын тігіп жүрген тұста жолықтық. Өте қарапайым адам екен. Үйінің төрінен біз үшін арнайы орын сайлап қойыпты. Көшелерге жарнамамыз ілініп, аяғымыз жерге тимеді. Тіпті басылымдарында суреттеріміз жарық көріп, телевидение арқылы өнерімізді кеңінен дәріптеп жатты. Мұндай сүйіспеншілікті бұрын-соңды көрмедік» деп француздардың қазақ мәдениетіне деген ілтипатын ерекше көңіл-күйді әңгімелеген күйші шетелде қазақ өнерін дәріптеу үшін көп еңбек етті [11, 6 б.].

Өткен ғасырдың 30-жылдарында Францияның астанасы Парижде алғаш

рет қазақша ән салып, қазақ елінің өнерін Еуропаға паш еткен Әміре Қашаубаев еді. Арада 60 жыл өткен соң аталмыш мемлекеттің Қлермон-Ферран қаласына аз күндік сапармен барып, алғаш рет қазақтың өнерін көрсеткен №2 балалар музыка мектебінің домбырашылар ансамблі [16, 6 б.].

Қазақ елінің жүрегі Астанадағы №2 балалар музыка мектебін білмейтін тұрғынды кездестіре алмайсыз. Бәрі де біледі, оны мақтан тұтады. Бір ғажабы өнер ордасының оқушылары соңғы жылдары конкурстар мен фестивальдарға қатысу үшін алыстағы шет мемлекеттеріне 26 рет сапар шегіп, қазақ музыкасын насихаттап келеді. Осындай толағай табыстардың негізін қалап, өнерлі балаларды тәрбиелеп жатқан мектеп мұғалімдері екені белгілі. Ұжымды бірнеше жылдар бойы қазақ өнерінің жанашыры Оспан Сүлейменов басқарды [15, 3 б.]. Оспан Сүлейменұлы – сазгер, бірнеше әндер мен күйлердің авторы. Соның ішінде өзі шығарған шертпе күйі – «Аналарға тағзым». Оған қоса «Наурыз самалы» және «Көктем шуағы» күйлері мен «Қазағымның дәстүрі», «Алтын ұям-мектебім», «Жастарға тілек», «Артымда өлең-жырым қалардағы» сынды әндері бар. 1967 жылдан бастап Оспан Сүлейменов бірнеше Республикалық конкурстардың лауреаты, танымал шебер домбырашы. Бірақ, өзі атап өткендей, ол үшін үкіметтің дипломдары, ордендері мен медальдары, қазылар алқасының мақтауы және тіпті мақтаулы пікірлер емес, көрермендердің тануы мен сүйіспеншілігі маңызды. Ол өзін қазақ халық аспаптары ансамблінің жетекшісі және құрамында 100-ден асатын оркестрдің дирижері ретінде сынап көрді. Бірақ ол өзінің жолын домбырамен жалғауды жөн санаған. Оның концертіне келген әр көрермен Күй атасы – Құрманғазының күйлерінен бастап, Оспан Сүлейменұлының өз жанынан шыққан күйлеріне дейін тыңдайды.

Оспан Сүлейменұлының ұстаздары мен шәкірттеріне тоқталар болсақ, күйшінің алғашқы ұстаздарының бірі өзінің туған ауылы Жаңажолдың құрмет тұтар азаматы – Майдан Базарұлы. «Ол кісі нағыз сегіз қырлы бір сырлы жан, ауылымызға жас маман ретінде келіп, оқушылар сарайы атқаратын жұмыстың бәрін өзі атқарды. Шағын ғана ауыл өнерпаздарын домбыра оркестрімен Республика деңгейіне көтерген беделді азамат» – деп еске алады күйші. Поэзия мен проза саласын меңгеруіне үлес қосқан мектеп директоры және қазақ тілі маманы Бәтеш Шомова, ал тарих пен саясатқа баулыған ұстаздар Қазали Мәуленұлы мен Иляль Аманжолұлы. Ал облыс орталығы Ақмолада 9 сыныптан бастап өнерге оның ішінде домбыраға баулыған Сайлау Боранбайұлы және Жамбыл атындағы орта мектепте ән-күй мұғалімі Жұмағали Қыздарбеков атты ұстаз.

Оспан Сүлейменов мұғалімдерді қазіргі білім беру жүйесіндегідей 14 санатқа емес, төрт санатқа бөледі:

1. Ұстаз
2. Ұлағатты ұстаз
3. Ұстаздардың ұстазы
4. Ұстаз-ғалым

Ол өзін ұстаздардың ұстазы санатына жатқызады. Оспан Сүлейменұлының ауыз толтырып айтар талантты шәкірттерінің бірі Жүргенов атындағы академияның профессоры, композитор, Қорғалжын ауданының мақтанышы Қайырғазы Төленов, Нұр-Сұлтан қаласы Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы, күйші Айгүл Сағатова, Нұр-Сұлтан қаласы филармониясының ұлт аспаптар оркестрінің жетекші домбырашылары Венера Хамитова, Гүлзада Темешбекова және Ләззат Темірбекова, Қорғалжын аудандық музыка мектебінің директоры Марат Әлімжанов, ағайынды Айкешовалар мен Сайдалиналар, Дәмелі Жүнісова, Айман Шайхина, Бибігүл Армияқызы, айтыскер ақындар Мейіржан Әлібеков,

Сырым Әуезхан, Таңнұр Әлбосын. Оспан Сүлейменұлының «Егемен Қазақстан» газетіне берген жазбасынан:

«Мен «Егемен Қазақстан» газетінің тұрақты оқырманымын. Күндегі санын қалт жібермей қарап отырамын. Елде не жаңалық болып жатыр, Елбасы не деді деген мәселе мен үшін өте маңызды. Бұл жолы да газетті ала салысымен Елбасының «Астана – Қазақстанның ұлы дәуірі және стратегиялық векторы» деген көлемді мақаласы көзіме оттай басылды. Күннен күнге құлпырып келе жатқан Астанамыз туралы айтылған әрбір сөз, әрбір мәлімет адамға қаншалықты қуаныш сыйлайды десеңізші! Өйткені, осында туыпөскен біздер Астананың байырғы келбетін де білеміз. Ол кездегі жұпыны қала мен он бес жылдан соң мүлде басқа кейіпке енген Астананы салыстыруға мүлде болмайтынын да парықтаймыз. Аллаға шүкір, егеменді ел болғалы біздің мемлекет тек алға ұмтылуда, басшымыз өзге дамыған елдермен терезені теңестіру үшін жанығып жұмыс істеуде. Оның бір үлкен көрсеткіші – Астана қаласы. Әлі есімде, астана Ақмолаға ауысады деген хабарды ести сала қуаныштан кеудемді ән кернеген. Содан 1997 жылы «Арайлы менің астанам» деген ән өмірге келді. Әнін де, сөзін де өзім жаздым. Ал, 1998 жылы ресми түрде астана титулын алғанда ел ордасы туралы алғашқы сирек өндердің қатарында менің өнім де орындалды. №2-ші балалар музыка мектебі егемендікпен құрдас ашылған көптеген білім ордаларының бірі болғанымен, осы уақыт аралығында жеткен жетістігімізді аз ғана сөзбен айтып беру мүмкін емес. Біздің музыка мектебінің балдырғандары тек соңғы бес жылдың ішінде әлемнің 30 мемлекетіне барып өнер көрсетіпті. Түрлі фестивальдерге қатысып, жеңімпаз атанды. Мұның барлығы алдымен егемендіктің арқасы екенін мақтан тұтамыз. Екіншіден, ел ордасы Астана қаласында тұруымыз да көп нәрсеге

қол жеткізуге мүмкіндік береді. Біздің мектепте жүздеген талантты балалар білім алуда. Олар да осы Астанамен бірге өсіп, жетіліп келе жатқан балдырғандар және әлемнің көптеген елдеріне өз өнерлерімен қазақтың кім екенін, ел ордасы Астана қаласын танытуға үлес қосып жүр. Келешекте де біз Астананы әлем жұртшылығына паш етуге жұмыс істей беретін боламыз. Қала тек әсем ғимараттарымен емес, талантты, өнерлі адамдарымен де көрікті екенін дәлелдеу басты мақсатымыз» [9, 2 б.].

Пікірталас

Ел астанасының төрінде орналасқан өнер ордасы №1 Балалар музыка мектебі — Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің төл құрдасы. Осы өнер шаңырағының шығармашылық және ғылыми өсу жолы Астаналық балалар мен жасөспірімдердің музыкалық, эстетикалық дамуын қалыптастыруда, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруына жағдай жасайда, шығармашыл, еңбекқор, ұлтжанды, ішкі жан дүниесі бай, патриот тұлға тәрбиелеуде атқаратын ролі зор. Көп жылдар бойы жұмыс барысында кездескен кемшіліктер мен қиыншылықтарға мойымай мектеп тағдырымен біте қайнасқан педагогтар ұжымы мен оқушылардың қол жеткізген жетістіктері мен келешектегі орындалатын жұмыстары, қалалық көлемдегі мәдени іс-шараларды өткізу, сапалы музыкалық білім беру, музыка арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу, түрлі бағытта шығармашылық байқаулар ұйымдастырудың тәрбиелік мәнінің құндылығын білдіретін дәлел — бұл жоғары нәтиже. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, ұлттық салт-дәстүрді қастерлеп, құрметтеуге үйрету, патриоттық, шығармашылық бағытта жан - жақты дамыту, ұлттық өнерге баулу біздің мектебіміздің атқаратын қызметтерінің басым бағыттары.

1991 жылы 9 қыркүйекте Целиноград қаласының атқару комитеті халық депутаттары кеңесінің шешімімен алғаш мемлекеттік тілде білім беретін №4 қазақ музыка мектебі ашылды. Мектеп директоры Сүлейменов Оспан Сүлейменұлы тағайындалған [8].

Қорытынды

Қорытындылай келе, Арқа күйшілік мектебі толық зерттелмеді дегенмен де, Оспан Сүлейменов сынды күйші-композиторлардың қолдауымен біз сияқты жас ұрпақ, аға буыннан үлгі алып, бастаған істі жалғастырмақпыз. Арқа күйшілік мектебі бұл күнде өз биігіне шығып, бір күй отауы болып отырған игі мұрамыз, оны жалғастырушы ұрпақтың үзілмеуі - Арқа күйшілігінің көркемдігін, сазының шалқарлығын көрсетеді. Сондай көркем Арқа күйшілік мектепбінің жалғаушысы, өнерпаз шәкірттердің берік ұстазы әрі ұстасы Оспан Сүлейменовтың өнегеге толы өмірін бір мақалада айтып шығу мүмкін емес. Ол ел арасындағы құрметке өзінің бай әрі саликалы мінезімен, құдай берген өнерімен қол жеткізуде [10, 1 б.].

Оспан Сүлейменов — жан-жағына нұрын төгіп тұратын биязы, салмақты, сабырлы жан. Ол жайындағы кез келген пікірлер осылай басталған болар еді. Өз ортасына беделді, рухани бай азамат. Замандастары Оспан Сүлейменовты асқар тауға теңейді, — «Осекеңнің жүрген жері береке. Қашан да қазақ өнері десе жаны қалмай жүреді. Оны тек асқақ Алатау, биіктікке теңесек болады». Осы уақытқа дейін артына қарап, еш қамыққан кезі болмапты. «Қиыншылықты көрсем де, қазіргі ел Тәуелсіздігінің қасында түк емес» дейді. Және де: «Менің басты мақсатым — қазағымның өнерін насихаттау. Ұрпақ санасына сіңіру. Ақмоланың төрінде отырып, мұндай жанашырлық танытпасақ ер азаматтығымызға сын болар еді» дейді. «Болашақтың өзін

зеңбірекпен атпауы үшін, өткенге тапанша кезенбеудің» керемет үлгісіндей. Оның өнер жолы, өмір сүру қағидалары өзгеге өнеге боларлықтай [12, 8 б.].

Ұстаздықтың тізгінін ұлтжандылықпен көгендеп алған Оспан Сүлейменовтың табиғаты осындай. Оның өмірдегі болмысын айтқанда қандай жақсы теңеулерді жаудырсаң да артық емес.

Өйткені ол шынымен — асқақ Алатау. Ал Алатауға бәрі де жарасымды. «Таза мінсіз асыл тас — су түбінде жатпайды» демекші ел ағасы Оспан қажы Сүлейменовтың тағылымы мен өнерлік шеберлігі жастар үшін таусылмайтын қазына. Бақ-дәулеттің басты жетістігі де сонда жатыр.

Авторлардың үлесі

Ә. Д. Бекенова – материалдар жинау, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге шолу жасап, мақала дайындады.

Н. С. Бекмолдинов – зерттеу мәселесін қарастыру; зерттеу қорытындыларын қалыптастыру; ғылыми мақаланы пысықтау; дереккөздер тізімін талдау жасады.

Вклад авторов

А. Д. Бекенова – сбор материалов; обзор научной и методической литературы; подготовка статьи.

Н. С. Бекмолдинов – постановка проблемы и формирование выводов исследования; доработка научной статьи; анализ использованных источников.

Contribution of authors

A. D. Bekenova – collection of materials, review of scientific and methodological literature; preparation of the article.

N. S. Bekmoldinov – statement of the research problem; formation of the research conclusions; revision of the scientific article; analysis of the list of references.

Дереккөздер тізімі

1. Оңғарұлы, А. Қазына. Т. 1. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық музей, 2020. – 215 б.
2. Жолдасбеков, М. Он ғасырлық музыкалық шежіреміз // Егемен Қазақстан. – 2010. – 26 ақпан. – 8 б.
3. Мырзалиев, Қ. Көп томдық. Т. 5. – Алматы: Жазушы, 2001. – 231 б.
4. Сахарбаева, К. Қазақ күйшілік мектептерінің қалыптасуы // Saryn art and science journal. – 2017. – № 2 (15). – 6 –17 б.
5. Қоңыратбай, Т. Әлемдік өнертану. Үш томдық. Музыка өнері. Т. 3. – Алматы: Өлке, 2009. – 480 б.
6. Қоңыратбай, Т. Қазақ музыкасының тарихы. Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 204 б.
7. Арқа күйшілік мектебі. Жаңғали ұстаздың еңбегінен дәм татыңыздар! Мектеп тарихы. – URL: <https://kzref.org/jafali-stazdi-ebeginen-dem-tatiizdar.html?page=2> (Өтініш берілген күн: 24.12.2020)
8. Мектеп тарихы – МҚКК «№1 Балалар музыка мектебі». – URL: <https://dmsh1-astana.kz/o-shkole/9-istoriya-shkoly> (Өтініш берілген күн: 23.11.2017).
9. Сүлейменов, О. Елорданы әлемге паш етеміз // Егемен Қазақстан. – 2013. – 11 шілде. – 8 б.
10. Түгелбаев, Ж. Қазақ өнерінің тарланбозы // Есіл-Нұра. – 2018. – 2 қараша. – 4 б.
11. Тоқсанбай, К. Қазақтың күйіне француздар ұйыды // Егемен Қазақстан. – 2009. – 22 июль. – 8 б.
12. Рахман, Г. Ұстаздардың ұстасы // Астана ақшамы. – №64. – 9 маусым. – 8 б.
13. Қайратұлы, Б. Үміт жетегіндегі адам // Астана хабары. – 2008. – 8 б.
14. Жидекова, К. «В моих руках как будто не домбра, сама душа которая поет...» // Вечерняя Астана. – 2001. – 13 қыркүйек. – 8 б.
15. Қаршыға, Сайлаукүл Сламбекқызы. Ұлағатты ұстаз, ақын, сазгер, күйші Оспан Сүлейменұлымен шығармашылық кездесу // Балалар шығармашылығы. – Астана. – 2011. – № 2. – Б. 3–26.
16. Санабекқызы, А. «Эйфель» елеңдеген күн // Астана хабары. – 2008. – 29 қаңтар. – 6 б.

References

1. *Ongaruly, A. Kazyna [Treasure]*, Nur-Sultan: Ulttyk Muzei, T. 1., 2020, 215 p. (In Kazakh)
2. *Joldasbekov, M. “On gasyrlyq muzykalyk shejiremiz” [A ten-century musical chronicle]*, *Egemen Kazakhstan*. 2010, February 26, 8 p. (In Kazakh)
3. *Myrzaliyev, Q. Kop tomdyk [Multi-volume]*. Almaty: Qazygurt Publ., 2001, Vol. 5, 231 p. (In Kazakh)
4. *Sakharbaeva, K. “Kazak kuyshilik mektepterinin kalyptasuy” [Formation of Kazakh kuishi schools]*, *Saryn art and science journal*. 2017, 2 (15), pp. 6–17. (In Kazakh)
5. *Konyratbay T. Alemdik onertanu. Ush tomdyk / T. 3. Muzyka oneri [World art history. Three volumes. Vol. 3: The art of music.]*. Almaty: Olke Publ., 2009, 480 p. (In Kazakh)
6. *Konyratbay T. Kazak muzykasynyn tarikhy. Pedagogikalyk jogary oku oryndarynyn studentterine arnagan okulyk [History of Kazakh music. Textbook for students of pedagogical universities]*. Almaty: Dauir Publ., 2011, 204 p. (In Kazakh)
7. Arka kuishilik mektebi. Zhangali ustazdyn enbeginen dam tatynyzdar! Mektep tarikhy [Arkin dombra school of performance. Pay attention to the school of pedagogue Zhangali! School of History]. – URL: <https://kzref.org/jafali-stazdi-ebeginen-dem-tatiiizdar.html?page=2> (date of access: 24.12.2020). (In Kazakh)
8. Mektep tarikhy – MKKK “№1 Balalar muzyka mektebi” [School history – SME “Children’s Music School №1”]. – URL: <https://dmsh1-astana.kz/o-shkole/9-istoriya-shkoly> (date of access: 23.11.2017). (In Kazakh)
9. *Suleimenov, O. Elordany әлемge pash etemiz [Let the world know the capital]*. *Egemen Kazakstan*. 2013, July 11, 8 p. (In Kazakh)
10. *Tugelbaev, J. Kazak onerinin tarlanbozy [Tarlanboz of Kazakh art]*. Esil-Nura, 2018, November 2, 4 p. (In Kazakh)
11. *Toksanbay K. “Kazaktyn kuyine frantsuzdar uyidy” [Kazakh folk songs performed by French]*, *Egemen Kazakstan*, 2009, July 22, 8 p. (In Kazakh)
12. *Rahman, G. “Ustazdardyn ustasy” [Teacher of teachers]*, *Astana aqshamy*. No. 64, June 9, 8 p. (In Kazakh)
13. *Kairatuly, B. “Umit jetegindegi adam” [A man of hope]*, *Astana habary*. 2008, 8 p. (In Kazakh)
14. *Jidekova, K. “V moi kh rukakh kak budto ne dombra, sama dusha kotoraya poet...” [In my hands is not a dombra but as if the soul itself that sings...]*, *Vechernyaya Astana*. 2001, September 13, 8 p. (In Russian)
15. *Karshyga, Saylaukul Slambekkyzy. Ulagatty ustaz akyn, sazger, kyuyshi Ospan Suleymenulymen shygarmashylyk kezdecu [Creative meeting with the great teacher, poet, composer, kuishi Ospan Suleimenuly]*, *“Balalar shygarmashylygy” zhurnaly*. Astana, 2011, No. 2, pp. 3–26. (In Kazakh)
16. *Sanabekkyzy, A. “Efel” elendegen kun [The day the “Eiffel” sang]*, *Astana habary*. 2008, January 29, 6 p. (In Kazakh)

Анель Бекенова, Нартай Бекмолдинов

Казахская национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова
(Алматы, Казахстан)

ТВОРЧЕСТВО ОСПАНА СУЛЕЙМЕНОВА В АРКИНСКОЙ ДОМБРОВОЙ ШКОЛЕ

Аннотация. Большинство из важнейших традиций в наследии казахского народа, передаваемых от отца к сыну, от учителя к ученику – традиции песни-кюя. Одна из традиций этой музыкальной школы – традиция Арка кюйши.

Материалов по исследованию Аркинской домбровой школы немного. В трудах отечественных ученых-исследователей Аркинская домбровая школа ограничилась изучением творчества Таттимбета Казангапулы. Поэтому рассмотрение и анализирование данного вопроса актуально в искусстве домбрового кюя. Хорошо известно, что отсутствуют работы, которые отличают традицию Арка в искусстве домбровой школы. Своеобразная Аркинская домбровая школа развивается. Умение передать и использовать свою мелодию, ритм, стиль исполнения показывает ценность великой традиции. Это отчетливо прослеживается в работе кюйши, в фортепианном сопровождении, в сочинениях для ансамбля, оркестра народных инструментов. Основным источником исследования в этой статье будет творчество Оспана Сулейменова, композитора-кюйши, который много работал над развитием Аркинской домбровой школы и обучением детей, открывал детские музыкальные школы. Благодаря его творчеству мы сможем увидеть этапы развития Аркинской школы.

Сегодня, изучая работы автора, мы замечаем неповторимость музыкального наследия Акмолинской области, знакомимся с биографиями и творчеством многих местных кюйши и видим, что Аркинская домбровая школа еще недостаточно изучена. Во время написания статьи мы ознакомились со многими работами о школе Арка, взяли интервью у автора, собрали информацию из газет и журналов и систематизировали ее. Вниманию читателей будет представлена информация о жизни и творчестве Оспана Сулейменова. Проведя эту исследовательскую работу, мы пришли к ряду нововведений и результатов: продолжение традиционных методов обучения в Акмолинской области, формирование Аркинской домбровой школы и популяризация произведений кюйши. Исходя из этого, мы полагаем, что данная информация будет интересной и полезной для читателей, а также для будущих исследователей Аркинской домбровой школы.

Ключевые слова: Аркинское домбровое искусство, традиционные методы обучения, традиция шертпе кюя, кюй, учитель, народное искусство, формирование школы домбры, ученик, домбра.

Для цитирования: Бекенова, А. Д., Бекмолдинов, Н. С. Творчество Оспана Сулейменова в Аркинской домбровой школе. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2021, 6(1), 107–119. <https://doi.org/10.47940/cajas.v6i1.302>

Anel Bekenova, Nartay Bekmoldinov

T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

CREATIVITY OF OSPAN SULEIMENOV IN THE ARKA DOMBRA SCHOOL

Abstract. The tradition of music is one of the most important traditions in the heritage of the Kazakh people, passed down from father to son, from teacher to student, is the tradition of the song-kyui. One of the traditions of this school of music is the Arka kyuishi tradition. It is well known that there are no works that distinguish the Arka tradition in the art of the dombra school. As you know, there are few materials on the Arka dombra school. In the works of domestic scientists and researchers, the Arka Dombra school was limited to the work of Tattimbet Kazangapuly. Therefore, the consideration and analysis of this issue is relevant in the art of dombra kui. The unique Arka dombra school is being developed today. The ability to convey and use its melody, rhythm, style of performance – shows the value of a great tradition. This can be clearly seen in the work of kuishi, piano accompaniment, compositions for ensemble, orchestra, authentic and folk instruments. The main source of research in this article is Ospan Suleimenov, a kuishi composer who worked a lot on the development of the Arka dombra school and teaching children, opened children music schools. The main source of research in this article will be the work of Ospan Suleimenov, a kuishi composer who worked a lot on the development of the Arka dombra school and the education of children, opened children’s music schools. Thanks to his work, we will be able to see the stages of development of the Arka school. Today, revealing the works of the composer, we notice the uniqueness of the Akmola region. We get acquainted with the biographies and works of many local kuishi and see that there is an unknown school here. While writing the article, we got acquainted with many works about the Arka school, interviewed the composer, collected information from newspapers and magazines and systematized it. Information about the life and work of Ospan Suleimenov will be presented. Having carried out this research work, we came to a number of innovations and results: the continuation of traditional teaching methods in the Akmola region, the formation of the Arka school and the popularization of kuishi works. Based on this, we believe that this area will be interesting and useful information for future researchers, readers and scholars of the Arka dombra school.

Keywords: Arka dombra art, traditional teaching methods, tradition of shertpe kyui, kyui, teacher, folk art, formation of dombra school, student, dombra.

Cite: Bekenova, A., Bekmoldinov, N. (2021). “Creativity of Ospan Suleimenov in the Arka dombra school”. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2021, 6(1), 107–119. <https://doi.org/10.47940/cajas.v6i1.302>

Авторлар туралы мәлімет:

Әнел Думанқызы Бекенова —
Т. Қ. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер
академиясының дәстүрлі
музыка өнері кафедрасының
I курс магистранты
(Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторах:

Анель Думанқызы Бекенова —
магистрант I-го курса кафедры
традиционного музыкального
искусства Казахской
национальной академии
искусств им. Т. К. Жүргенова
(Алматы, Казахстан)

Authors' bio:

Anel D. Bekenova — 1st year
Masters Student, Department
of Traditional music art at the
T. K. Zhurgenov Kazakh National
Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-4692-4482
email: b.annelya@bk.ru

**Нартай Сағымбекулы
Бекмолдинов** — Т. Қ. Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясының дәстүрлі
музыка өнері кафедрасының аға
оқытушысы (Алматы, Қазақстан)

**Нартай Сағымбекулы
Бекмолдинов** — старший
преподаватель кафедры
традиционного музыкального
искусства Казахской
национальной академии искусств
имени Т. К. Жүргенова
(Алматы, Казахстан)

Nartay S. Bekmoldinov —
Senior Lecturer, Department
of Traditional Music Art at the
T. K. Zhurgenov Kazakh National
Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-4877-3702
email: nartaybekmoldinov@hotmail.com